«Кедей сөзі» әуелі Қазревкомның, одан кейін Омбы губкомының, одан кейін Омбыдағы ҚазАССР өкілдігінің атынан шыға бастаған. 1920 жылғы 7 қарашадағы «Октябрь төңкерісі һәм қазақ еңбекшілері» деген тақырыппен 20 жастағы Смағұл Сәдуақасұлы жазған мақалада айтылған ойлар дәл бүгін айтылар сөз-ау деймін. Ұлы Даланың бір шетіндегі қазақтан «Төңкеріс деген не?» деп сұрап көріңіз. Газет орыс мемлекетіндегі наразылық, толқулардың себебін, күрестің қалай басталғанын, төңкеріске ұласқанын байыппен түсіндіреді. Тап деген не, таптар неге тартысады, жұмысшы мен капиталшы, мұжық пен алпауыт нені бөлісе алмайды? Осылардың сыртында қазақ жұртының жағдайы қалай болмақ деген көп сауалдарға Смағұл Сәдуақасовтың берген жауабы мынау: «Біз қазақ тұрмысын алсақ, жоғарыда айтылған екі тапқа қазақты бөлерлік еш себеп жоқ. Қазақ тұрмысын жаппай бір түрлі құлданушы да, құлдықта жасаушы да тап жоқ... Қазақты шет халықтар құлданбаса, өз ішінен құлданушылар шыққан жоқ. ...Олай болса, қазақ халқының бәрі еңбекшіл». Қазағымның талай асылдары осы шындықты түсінбей, арманда кетті-ау! Тап деді, жау деді, ақыры сол тапшылдық пен жау іздеу өздерінің түбіне жетті. Бұл – ертеңгіге сабақ болсын деген сөзіміз. Аса дарынды көсемсөз шебері осыдан 100 жыл бұрын қазақ халқы үшін Қазан төңкерісінің үлгісін орысқа тон пішкендей етіп ұсынуға болмайтынын айтады. Өйткені, бұл қазақ төңкерісті өзі жасаған жоқ, «төңкеріске дейін де, төңкерістен кейінгі үш жылда да теңдікке қол жетпеген. Отаршылдық жарасы әлі жазылған жоқ». Ендеше, оны таптапқа бөліп, атыстырып-шабыстыру обал, көпе-көрнеу қиянат. Алаштың жас қайраткері Смағұл мұндай әлеуметтік төңкерісті жер сілкінісі сияқты табиғат апатына, зілзалаға теңейді де, өз ойын айқын түсіндіру үшін 1909-1910 жылдары Алматы қаласын қиратқан зілзаланы мысалға келтіреді. «Жерде зілзала болса, жердің асты үстіне келіп, үстіндегі ауыл, шаһар, тау-тас – бәрін де бөріктей ұшырады. Үстіндегі нәрселердің бәрі ойран-ботқа болады». 1920 жылғы желтоқсандағы санында басылған «Теңдік» (Мағжан Жұмабай – З.Т.) деген бас мақаладағы: «Қазақтың үстіндегі қара тұман айығып, жадырап жарқын күн туады. Кемдік кетіп, теңдік жетеді. Құл емес, ұл боламыз» деген тәтті үміт, асыл арманға толы жолдар газет шығарушылардың болашақтан не күткенін анық көрсетсе керек. Бұл үміттің ақталатын-ақталмайтыны қазақ қаламгерлерін сол кезде-ақ толғантқан. Оған Мағжан Жұмабайдың «Кедей сөзіндегі» «Автономия кімдікі?» деген мақаласы мысал бола алады. Автономия – қазақ зиялыларының түсінігінде тәуелсіздікке қарай алға басқан маңызды қадам еді. 1917-1918 жылдары Алаш автономиясы жарияланды, Түркістан автономиясы құрылды. Бірақ, олардың ғұмыры ұзақ болмады, ақ гвардияшыл казак генералдары Колчағы бар, большевигі бар – қазақтың есесін бермеді, өз алдына Алаш сипатты мемлекеттігін құрғызбады. Сөйтіп жүргенде, Кеңес өкіметі 1920 жылы 26 тамызда Қазақ автономиялы республикасын құру туралы шешім қабылдады. Қазақтар бұл шешімді большевиктердің «ұлттардың өзін-өзі билеуіне» берген мүмкіндігі деп қабылдады. Іс жүзінде автономияның иесі түсініксіздеу болса да Мағжан сияқты қаламгерлер газет арқылы халыққа сөз тастап, қазақтың осы мемлекеттік құрылымын нығайтуға атсалысуға шақырды. Осы тұрғыдан қарағанда, Мағжанның мына сөздері ащы да болса шындық еді: «Большевикті құбыжық көріп, Ресейдің шет-шектері тігісінен сөгіле бастаған кезде, Қазақ автономиясы деген пікірі жарға ұмтылған толқынның күшімен ғана жарық көрген емес пе еді? Бүгінгі күн автономияны бауырына басып алып, тірі жанды жолатқысы келмей отырған жолдастардың әжептәуір бір тобы кеше «Сайлауға» (1917 жылы Ресей құрылтай жиналысының депутаттығына кандидаттар ұсыну кезеңі туралы сөз болып отыр – З. Т.) өкпелеп, елден безіп, төрелік іздеп кеткен «ерлер» емес пе еді? Алашқа автономияны анық алып беретін мен едім деп, өзін іргелі автономияшыл санайтын мырзалардың көбі 1917 жылы Орынборда, декабрь айында ғана тумап па еді?». Мағжан ақын өзінің туған халқына деген, қазақ бауырына деген адал ниетін газет оқырмандарына бейнелі сөзбен жеткізе отырып, мақаланың бас тақырыбындағы «Автономия кімдікі?» деген сұраққа мынадай айқын да тұжырымды жауапты, ақындық шабытпен көсілте баяндайды: «Айлы, күнді, қанды отты тарихы бар; кең, бай, терең тілі, әдебиеті бар; басқаларға үйлеспейтін төресі, шаруасы бар қазақтікі. ... Жүз жылдар орыс ақсүйектері мен байларының тепкісінде елдігін ұмытпаған Алаштікі. «Аязды күні айналған, Бұлтты күні толғанған, Құрығын найзадай таянған, Құ толағай жастанған, Ер қазақтың автономиясы – бұл!». Газетті Омбы губаткомынан алып, қазақ өкілдігіне беру мәселесі де бірсыпыра әуре-сарсаңмен шешіледі. Құрылтайшысы жаңа ғана туып, аяғын тәлтіректей басқан Қазақ республикасы болып өз гергендіктен, редакция алқасы бұрынғы «Кедей сөзі» атауынан бас тартып, газетті «Бостандық туы» деп шығаратын болады. Сонымен, 1921 жылғы 5 наурыз күні Омбының көркемөнер мектебінің шеберханасында газеттің жаңа бас тақырыбы цинкке ойылып жазылды. Бұл арада басылым атауының «Кедей сөзінен» «Бостандық туына» алмастырылуы туралы пікірімізді ортаға салсақ артық болмас. «Кедей сөзі» – белгілі дәрежеде аясы тар ұғым, тұтас халықты бай және кедей деп бөлген таптық ұстанымның жемісі. Ал «Бостандық туы» тұтас қазақ ұлтының отарлық езгіден құтылып, тәуелсіздік, бостандық алғанын, алмаса да сол мақсатқа ұмтылғанын көрсететін жалпы адамзаттық түсінікті бейнелесе керек. Осы тұрғысынан газеттің бұлай аталуы қазақ халқының азаттық аңсағанын, өз еркі өз қолына тигенде ғана тарихтан лайықты орын алуға мүмкін деген ізгі ниетті білдіреді. Тиісінше, дәл осы «Бостандық туы» деген атау қазақ даласында таптық жіктелудің жоқ екені туралы «Алаш» партиясының ұстанымына сай келеді. Омбыдағы Қазақ өкілдігінің атынан, яғни жаңа құрылған Қазақстан Республикасының атынан «Бостандық туы» газетінің тұңғыш саны 1921 жылғы 7 наурыз күні жарыққа шықты. Қазақ өкілдігі баспахананың 8 жұмысшысына жалақы төлеу мәселесін де шешті. Газеттің осы 4 мың дана болып басылған тұңғыш санында Қазақстан Орталық атқару комитетінің төрағасы Сейітқали Меңдешевтің «Қазақ жолдастарға!» деген үндеуі жарияланды. Газетке қосымша ретінде «Қазақ әйелдеріне!» деген үндеу 1 мың дана болып басылып, әйелдер бөлімінің меңгерушісі Голубеваның атымен, араб әліпбимен жеке парақ түрінде таратылды. Мемлекеттік мұрағат қорында Мағжан Жұмабайдың «Бостандық туы» газетінің редакция алқасының мүшесі екендігі және арнайы тамақ үлесін алмайтындығы» туралы №727 анықтама-куәлік сақталған. Оның жазылған күні: 1921 жылғы 21 наурыз. Редакциядағы шығармашылық қызметкерлер міндеттерін өзара былай бөліскен көрінеді: Радио арқылы материалдар қабылдап, қазақша дайындау: 1) Бірмұхамет Айбасов, Мұратбек Сейітов. 2) Жергілікті хабарлар: Кәкенов пен Фазылов. 3) Қазақстан Орталық атқару комитеті мен Республика халық комиссарлары кеңесінің қаулы-қарарлары мен нұсқаулары, яғни ресми ақпарат Кемеңгеров, Айбасов, Бекмұхамбет Серкебаев (Ермек Серкебаевтың әкесі – З. Т.). 4) Партия жұмысы: Тоқжанов пен Телжанов. 5) Баспаханада әріп теруші, беттеуші және басушы болып мына адамдар істегені туралы мағлұматтар бар: Орақбай Кенжетаев (Бұл Орекең Қарағандыда баспаханада істеген.- З.Т.), Әубәкір Смағұл, Хұсайын Серікбаев, Шәкірәт Жылгелдин, Г.Тюков. 19 наурыздағы санында Ақмола және Семей облыстарын Ресей-Сибревкомның қарамағынан алып, Қазақстанға қосу үшін КазЦИК төрағасы Сейтқали Меңдешев, Совнарком төрағасы Сәкен Сейфуллин бастаған үкімет комиссиясы келе жатқаны хабарланды. Ақмола губерниялық ревкомына ҚазАССР ішкі істер министрі төраға болып тағайындалған Әбдірахман Әйтиев баспасөз арқылы жас қазақ республикасын нығайту жөніндегі шараларды жария етті. Газеттің 5-санындағы Мағжан Жұмабайдың «Іске сәт!» деген бас мақаласы Ақмолада билік жүйесін қалыптастырудағы шешімін күткен мәселелерге арналды. Яғни жаңа тұрпатты сот және тәртіп сақтайтын милиция органдарын әуелден дұрыс құру қажеттігіне көңіл аударылды. Көп ұзамай, 1921 жылы 26 сәуірде, Қазақ автономиясы құрамында Ақмола губерниясы (кейін Қарағанды, Көкшетау, Ақмола, Солтүстік Қазақстан облыстары болып бөлінген аумақ – З.Т.) құрылып, оның орталығы Петропавл қаласы болып белгіленді. Енді губерниялық «Бостандық туы» газетінің редакциясы мен баспаханасын Омбыдан Ақмола губерниясының орталығы Петропавлға көшіру мәселесі қозғалады. 1921 жылдың 21 сәуір күні газет редакциясы Омбыдағы өкілдікке хат жолдайды: «Алдағы уақытта газеттің Петропавл қаласына көшуіне байланысты Омбы уезіне жіберілген газет қызметкері Бекмұхамбет Серкебаевты кері шақыруды сұраймыз». Бұл құжат «Бостандық туының» Омбыдан Петропавлға қашан ауысқанын дәлірек көрсетеді. Екінші бір хатта Петропавл қаласында қазақ газетін шығаруға қатысты қиындықтар баяндалған: «Петропавл қаласында Ақмола губревкомының ұйымдасуына байланысты онда газет шығару үшін қазақ шрифтілері мүлде жоқ, орыс әріптері де жетіспейді, баспа машиналары аз, қағаз жетімсіз. Сондықтан бұрынғы Ақмола облыстық басқармасының (Омбы қаласындағы) баспаханасын әріптерімен, қағазымен және әріп терушілерімен Ақмола губревкомының қарауына бергізуді сұраймыз». Бұл арада «бұрынғы Ақмола облыстық басқармасы» деген атауды түсіндіре кетсек артық болмас. Өйткені, Ақмола облысы деген атауды көпшілік жұрт нағыз Ақмола қаласымен, яғни қазіргі Астанамен шатастырады. Патша заманында 1868 жылғы реформаға байланысты Ақмола облысы құрылған. Оның орталығына уақытша Омбы қаласы белгіленіп, сол күйі 1921 жылға дейін қалып қойған. Сонымен бірге Омбы қаласы әрі Дала генерал-губернаторлығының орталығы болған. Ақмола облысын әскери губернатор басқарған. Басқару кеңесі «облыстық басқарма» деп аталған. Ал, сөз болып отырған «облыстық басқарманың баспаханасы» 1888 жылдан 1902 жылға дейін «Дала уәлаятының газетін» шығарып тұрған болатын. Газет жабылғаннан кейін бұл баспаханада үкіметтің бұйрық-жарлықтары, циркуляр хаттары, ауылшаруашылық нұсқаулары қазақ тілінде, араб әліпбимен басылып тұрған. Кейін «Кедей сөзі» осы баспаханадан шыққан. Ал, Петропавлда қазақ әріптері жоқ, орысшасының өзі жетіспейді дегенге келетін болсақ, бұл сөздер мұнда бұрын Қызылжарда қазақ басылымдары болмаған дегенді білдірмейді. Петропавлда «Есіл даласы» (1913 жыл, қыркүйек), Көлбай Тоғысовтың (Төлеңгітов) «Үш жүз» газеті (1917 жыл), «Жас азамат» (1918-1919 жылдар) газеті сияқты қазақша басылымдар шығып тұрған. Енді Петропавлдағы баспахананы қалпына келтіру және оның қуатын арттыру жөнінде Қазақ автономиясы Орталық атқару комитетінің төрағасы Сейітқали Меңдешев 1921 жылғы 27 сәуірде Омбыдағы өкілетті төтенше комиссияға жеделхат соғып, «Петропавлда электропечать» ашу мәселесін жеделдетуді сұрайды. 1921 жылғы мамырдың 13-і күні Ақмола губревкомының төрағасы Әбдірахман Әйтиев Омбыға жеделхат соғып: «400 пұт газет қағазын, баспаханаға әріп теруге және газет беттеуге керекті түрлі гарт (металл қорытпасы) материалдарын, реглеттер, бабашкалар мен марзандар, әртүрлі квадраттар – 7 пұт материал жіберуді» сұрайды (баспахана заттарының техникалық атаулары). Бұл құжаттар Қазақстанның солтүстік аймағын түгел қамтыған Ақмола губерниясында, оның орталығы Петропавл қаласында қазақ тілінде газет шығару ісіне Әбдірахман Әйтиевтің зор еңбек сіңіргенін көрсетеді. Ол ана тіліндегі мерзімді баспасөздің мемлекет іргесін нығайтуға, халықтың дербес билікті өз қолына алуына деген сенімін орнықтыруға үлкен көмегі болатынын жақсы білген. 1921 жылғы қыркүйек айында «Бостандық туының» таралымы 2900 дана болғаны, одан кейін де 2500 данадан кемімеген. Қазіргі әкімшілік-аймақтық бөліспен қарағанда, Солтүстік Қазақстан, Көкшетау, Ақмола, Қарағанды облыстық газеттерінің және осынау үлкен аймақтағы аудандық, салалық газеттердің тұңғышы және көшбасшысы ретіндегі «Бостандық туы» газетінің еліміздің тарихында алатын орны ерекше. 1922 жылғы 27 сәуір күні губерниялық партия комитеті президиумының қаулысы бойынша «Бостандық туы» газетінің бас редакторлығына бұрын «Қазақ» газетінің редакциясында Ахаң, Жақандармен бірге істеген Жанұзақ Жәнібеков тағайындалды. Бір айдан кейін партия комитеті «Бостандық туы» газетінің редакция алқасының құрамын қайта қарап, жауапты редакторлыққа Айтқожинді, алқа мүшелігіне Ахмет Баржақсин мен Жанұзақ Жәнібековті тағайындады. «Бостандық туының» материалдық базасы оңалып кете алмады. Қазақ қаріптері жетіспеді. Бұл жөнінде газет редакторы Сабыр Айтқожин партия-кеңес органдарына бірнеше рет мәлімдеді. Ақыры тиісті шешім қабылданып, газет редакциясының жауапты хатшысы Әбдірахман Бегішев Орынбор қаласына баспахана жабдықтарын алуға жіберілді. Сол күзде губернияда кеңестер сайлауы өтетін болды. Көзі ашық, көкірегі ояу Мағжан бұл науқанның қазақ ауылдарына жақсылық әкелуін тіледі. Тіледі де, сайлаудың мәнісін түсіндіріп, «Бостандық туы» газетіне «Сайлау» деген мақала жазып бастырды. Онда қазақ даласында қазір ревком деп аталатын әскери билік орнағанын, бұл биліктің құрамына ешкім сайламаған, жоғарыдан тағайындалған өкілдер кіргенін, демек, олар жергілікті халықтың мұң-мұқтажын білмейтіндігін көрсетті. Осылайша, жаңа саясаттан бейхабар отандастарын сайлауға белсене қатысуға, билік құрамына елдің жайын білетін, аузы дуалы, беделді, іскер де адал азаматтарды сайлауға шақырды. Атап айту керек, бұл мақала – өзі қолымен қалыптастырған жергілікті баспасөздегі Мағжанның ең соңғы қолтаңбасы. Ертеңінде-ақ, орыс тілінде шығатын губерниялық «Мир труда» газетінің 1922 жылғы 8 тамыздағы санында губерниялық атқару комитетінің төрағасы Сабыр Шәріповтің (бүркеншік аты – Рибас) «Қазақ болыстарындағы кеңестер сайлауы» («К выборам Советов в киргизских волостях») деген мақаласы басылды. Тақырыбынан-ақ көрініп тұрғандай, орыс болыстарынан қазақ болыстарын жеке бөліп алып, ұлтты кемсіткенін былай қойғанда, бұл нағыз байбалам еді. «Рибастың» ұраны кеңестер құрамына лайықты адамдар сайлау қажет деген сияқты көрінгенмен, басты сарыны «Жергілікті билік орындарына бұрынғы алашордашылар сайланып кетпесін!» деп жай жатқан елден жау іздеді. Атап айтқанда, газеттің кімдерді меңзеп, автордың кімдерге нұсқап отырғаны ертеңінде, 9 тамыздағы газетте жарияланған «Алашордашыларға кеңес ұйымдарында орын жоқ!» деген екінші мақаласынан көрінеді. Үзінді мынау: «Қазақ интеллигенциясының көсемдері, буржуйлар мен кулактардың ұлдары, жалдаптары Жұмабаев, Тілеулин, Мұқышев, Сейітовтер, Итбаев, Тұрлыбаев, Жанайдаров, Нұралин кезінде Бөкейхановтың, Байтұрсынов пен Дулатовтың батасын алып, соңынан еріп, Колчак тұсында жауапты қызметтер атқарды. Біз еңбекші-кедейлер атына мынаны мәлімдейміз: алдағы кеңестер сайлауында бұрынғы алашордашыларға, әсіресе олардың көсемдеріне бірде-бір дауыс берілмесін... Біздің жолымыз олардан бөлек. Оларға дауыс бергендер еңбекшілердің, кеңес өкіметінің жауы саналады...» Осы жаланы көре тұра, Мағжан Қызылжардан жылыстап кетуге мәжбүр болды. Сол кеткеннен Ташкентке барды. Бір жылдан соң оқуды сылтауратып Ленинградқа Мұхтар Әуезовпен бірге жолдама алды, онда орын болмай, Мәскеуді бетке алды. 1927 жылы, соңына қоңырау байланып елге келді. Екі жылға жетпей, қамалды. Мағжанның қиын тағдыры осылай басталған. 1926 жылғы 1 мамыр күні 8 бет болып шыққан «Бостандық туында» «Бұжыр» деп қол қойған автордың (Сәбит Мұқанов.-З.Т.) «Баспасөз күні» деген мақаласында орыстың жұмысшы баспасөзіне, одан кейін социал-демократиялық «Искра» және «Правда» газеттерінің тарихына шолу жасалады да, қазақ тілінде шыққан газеттерді кезегімен тізіп, әрқайсысына таптық тұрғыдан баға беріледі. Мысалы: 1) «Қазақ» газетінің баспасөз күнінен сыбаға алуға құқы жоқ. 1912-1918 жылдары жалғыз-ақ ұлт қозғалысына көсемдік қылды. Большевиктерге қарсы болды. Шығарушылар: Байтұрсынұлы, Дулатұлы, Бөкейханұлы, т. б. 2) «Сарыарқа», Семейде, 100 процент Алаштың газеті. Кеңес өкіметіне қарсы сөз таратып, қазақтың қалың бұқарасының көзін бояды. Колчакқа намаз оқыды. Жазушылары: Ғаббасов, Бөкейханов, Тұрғанбаев, Әуезов, т. б. 3) «Жас азамат», Қызылжарда, 1917-18-19 жылдарда. Бас жазушылары: Мағжан, Кемеңгеров, Смағұл Сәдуақасұлы, тағы бірнешеулері. Оған тілектес «Алаш» газеті, 1917-1918 жылдар. 4) «Бірлік туы», Ташкент. Басқарушысы: Мұстафа Шоқаев. Қазір шет мемлекеттерде қашып жүр. 18-19 жылы Жетісу-Сырдария елдерінің үстінде ұлы соғыс болғаны бесіктегі балаға мәлім. «Бірлік туы» сол қанды соғыста ақтардың сусыны болып жүрді. Бұл газет 17-жылдары бейтараптау болды да, 18 жылы Қайретдин Болғанбайұлы басқарған соң-ақ большевикке беті теріс қарады...». *«Баспасөз тарихы» деген осы мақаланы С.Мұқанов өзі жазғанын «Есею жылдары» деген естелік кітабында көрсеткен.

**Зарқын ТАЙШЫБАЙ,**
**М.Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университетінің профессоры, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері.**

ЖАЛҒАСЫ, БАСЫ 2,3 БЕТТЕРДЕ

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 5. | № 204 | Булаев қаласы, Строительная көшесі, 36, колледж ғимараты | Булаев қаласы,<br>Мичурин көшесі, №: 3, 5, 7, 13, 15, 17, 21, 23, 25, 27, 33, 35, 41 үйлері;<br>Привокзальная көшесі, №: 24, 26, 26а, 28, 28а, 30, 32, 34, 111, 113, 117, 119, 121, 123, 125, 127, 129, 133, 135, 137, 139, 141, 143, 147, 149, 151, 157, 167 үйлері;<br>Садовая көшесі, № 82, 84, 90, 91, 92, 93, 94, 95, 96, 97, 98, 99, 100, 101, 102, 103, 104, 106, 107, 108, 109, 110, 111, 112, 113, 114, 115, 116, 117, 117а, 118, 119, 119а, 120, 121, 122, 123, 124, 125, 126, 127, 128, 129, 130, 131, 132, 133, 133а, 134, 135, 137, 141, 143, 145, 147, 149, 151, 153, 155, 159 үйлері;<br>Степная көшесі, №: 78, 79, 80, 81, 82, 83, 84, 85, 86, 87, 88, 88а, 89, 90, 91, 92, 93, 94, 95, 96, 97, 98, 99, 100, 100а, 101, 103, 104, 105, 106, 107, 108, 109, 110, 111, 112, 113, 114, 115, 117, 118, 119, 120, 121, 122, 123, 124, 125, 127, 129, 131, 133, 135, 137, 139, 141 үйлері;<br>Буденный көшесі, №: 86, 88, 90, 90а, 90б, 92, 94, 98, 100, 102, 104, 106, 108, 110, 112, 113, 114, 115, 116, 117, 118, 119, 120, 120а, 121, 122, 123, 124, 125, 126, 127, 128, 129, 130, 131, 132, 133, 134, 135, 136, 137, 139, 141, 143, 145, 147, 149, 151, 153, 155, 157, 159, 161, 163, 165, 167, 169 үйлері;<br>Старо–Лесная көшесі, №: 98, 100, 104, 106, 107, 108, 109, 110, 111, 112, 113, 114, 115, 115а, 116, 117, 118, 119, 120, 121, 122, 123, 124, 125, 126, 127, 128, 129, 130, 131, 132, 133, 134, 135, 136, 138, 139, 139а, 143, 145 үйлері;<br>Ново–Лесная көшесі, №: 70, 72, 74, 76, 78, 80, 84, 86, 89, 90, 90а, 91, 91а, 92, 92а, 93, 94, 95а, 96а, 97, 99, 100, 103, 105, 107, 107а, 109, 111, 113, 115а, 115, 119 үйлері;<br>Северная көшесі, №: 50, 50а, 52, 54, 56, 58 үйлері;<br>Дорожная көшесі, №: 13, 13б, 15, 15а, 17, 29 үйлері;<br>Урожайная көшесі, №: 1, 3, 4, 4а, 5, 6, 10, 11, 12, 15, 17, 19 үйлері;<br>Шухов көшесі, №: 3, 4, 5, 6, 7, 11, 12, 13, 14, 19, 20, 21, 23, 26, 27, 32, 34, 35 үйлері;<br>Плеханов көшесі, №: 3, 4, 5, 6, 7, 8, 13, 14, 15, 18, 20, 21, 22, 23, 24, 27, 29, 33, 34, 35 үйлері;<br>Интернациональная көшесі, №: 3, 4, 5, 6, 7, 8, 13, 14, 16, 17, 18, 22, 23, 24, 25, 30 үйлері;<br>Панфилов көшесі, №: 3, 4, 5, 6, 11, 12, 14, 15, 17, 20, 22, 23, 26 үйлері;<br>Строительная көшесі, №: 2, 4, 6, 10, 12, 14, 16, 17, 19, 20, 21, 22, 25, 27, 27б, 28, 30, 32, 33, 34, 36, 36а, 36б, 39, 39а, 39б, 39в, 39г, 40, 42, 44, 46, 48, 50, 52, 54, 56 үйлері. | Төраға - Квасиборский Сергей Александрович;<br>төраға орынбасары - Ильина Людмила Анатольевна;<br>комиссия хатшысы - Гусельникова Галина Валерьевна;<br>комиссия мүшелері - **Моисеева Светлана Александровна,** Оразалиев Жанайдар Бектемірұлы. |
| 6. | № 205 | Булаев қаласы, Буденный көшесі, 10, мектеп ғимараты | Булаев қаласы,<br>Привокзальная көшесі, №: 1, 2, 2а, 3, 4, 5, 6, 6а, 7, 9, 10, 11, 12, 13, 14, 15, 17, 18, 20, 25, 29, 31, 35, 37, 39, 45, 51, 53, 55, 61, 67, 73, 79, 83, 85, 89, 93, 97, 99, 103 үйлері;<br>Мичурин көшесі, №: 4, 6, 12, 18, 20, 22, 24, 26, 28, 30, 34, 40 үйлері;<br>Садовая көшесі, №: 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12, 13, 15, 16, 17, 18, 19, 20, 21, 21а, 22, 24, 25, 26, 27, 28, 29, 30, 30а, 30б, 31, 32, 34, 35, 36, 37, 38, 38б, 39, 40, 41, 42, 43, 44, 45, 46, 47, 48, 50, 51, 52, 52а, 54, 55, 55а, 56, 56б, 57, 59, 60, 61, 62, 63, 64, 65, 66, 67, 68, 69, 69а, 70, 70а, 70б, 71, 72, 73, 74, 75, 76, 77, 78, 79, 80, 80а, 81, 81а, 83, 85, 87, 89 үйлері;<br>Степная көшесі, №: 1, 1а, 2, 3, 4, 5, 5а, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12, 13, 14, 15, 16, 17, 18, 19, 20, 21, 22, 23, 24, 25, 27, 28, 29, 30, 31, 32, 33, 34, 35, 36, 37, 38, 39, 40, 41, 42, 43, 44, 45, 46, 47, 48, 49, 50, 51, 52, 53, 54, 55, 56, 57, 58, 59, 60, 61, 61а, 62, 63, 64, 65, 66, 67, 68, 69, 70, 71, 72, 73, 74, 75, 76, 77 үйлері;<br>Буденный көшесі, №: 1, 2, 2д, 3, 4, 5, 6а, 7, 8, 8а, 9, 10, 11, 12, 13, 14, 15, 16, 16а, 17, 18, 19, 20, 21, 22, 23, 24, 25, 26,27, 28, 29, 30, 30а, 31, 32, 33, 34, 35, 36, 37, 38, 39, 40, 41, 41а, 42, 43, 44, 45, 46, 46а, 47, 48, 49, 50, 51, 52, 53, 54, 55, 56, 57, 58, 58а, 59, 60, 61, 61а, 62, 63, 64, 65, 66, 68, 70, 70а, 71, 72, 73, 74, 75, 76, 76а, 77, 78, 79, 80, 81, 82, 83, 84, 85, 87, 89, 91, 91а, 93, 95, 97, 99, 101, 103, 105, 105а, 107, 107а, 109 үйлері;<br>Старо-Лесная көшесі, №: 1, 1а, 2, 2а, 3, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12, 13, 15, 16, 17, 18, 19, 21, 22, 23, 24, 25, 26, 27, 28, 29, 32, 32а, 33, 33а, 34, 36, 37, 38, 39, 40, 40а, 40б, 42, 43, 44, 45, 46, 47, 48, 48а, 49, 51, 52, 53, 54, 55, 56, 57, 58, 58а, 59, 60, 61, 62, 63, 64, 64а, 65, 66, 67, 68, 69, 70, 71, 72, 73, 75, 76, 77, 78, 78а, 79, 80, 81, 83, 84, 85, 86, 87, 88, 88а, 89, 90а, 90, 91, 93, 95, 96, 97, 99, 101, 103, 105 үйлері;<br>Ново-Лесная көшесі, №: 1, 1а, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12, 13, 14, 15, 16, 17, 18, 19, 20, 21, 21а, 22, 24, 25, 25а, 26, 29, 30, 31, 31а, 34, 35, 36, 36а, 37, 37а, 38, 38а, 41, 42, 42а, 43, 43а, 44, 45, 46, 47, 48, 48а, 49, 50, 50а, 51, 51а, 52, 52а, 54, 54а, 55, 56, 57, 59, 59а, 60, 61, 62, 62а, 63, 64, 65, 65а, 67, 68а, 69, 71, 72, 73, 77, 77а, 79, 81, 81а, 83, 85, 85а, 87 үйлері;<br>Северная көшесі, №: 1, 1а, 1б, 1д, 2, 3, 3а, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12а, 12, 13, 13а, 14, 15, 15а, 16, 17, 18, 19, 19а, 20, 21, 22, 23, 24, 25, 26, 27, 28, 28а, 29, 30, 31, 32, 33, 35, 36, 37, 38, 39, 40, 41, 42, 43, 44, 46, 48, 53, 57, 61, 63, 65, 67, 69, 71, 73, 75, 77, 79 үйлері;<br>Дорожная көшесі, №: 1, 1б, 1в, 1г, 1д, 1е, 2, 2а, 2б, 3, 4, 4а, 5, 6, 6а, 7, 8, 9, 10, 11, 12, 14, 14а, 16, 18, 20, 22, 24, 26, 28 үйлері;<br>Кутузов көшесі, №: 2, 2а, 2б, 3, 5, 6, 8, 9, 9а, 10, 11, 13, 14, 20, 22 үйлері;<br>Суворов көшесі, №: 3, 4, 5, 5а, 10, 11, 12, 13, 14, 15, 16, 21, 22, 23, 24, 26, 28, 29, 32, 35, 40 үйлері;<br>Шоқан Уәлиханов №: 1, 3, 6, 7, 7а, 9, 11, 12, 13, 14, 15, 16, 17, 18, 19, 24, 25, 26, 27, 28, 30, 30а, 33, 35, 36, 38, 41, 44, 46, 47, 49 үйлері;<br>Горький көшесі, №: 3, 4, 5, 5а, 6, 7, 8, 9, 10, 12, 14, 15, 16, 17, 18, 22, 23, 24, 28, 29, 31, 34, 36, 38, 40 үйлері;<br>Толстой көшесі, №: 2, 3, 4, 5, 6, 8, 10, 11, 13, 15 үйлері;<br>Столбовая көшесі, №: 1, 2, 3, 4, 6, 9, 10, 11, 12, 13, 16, 17, 18, 19, 20 ,25, 26, 27, 28, 28а, 29, 30, 32, 35, 37, 38, 40, 43, 44, 45, 46, 48, 49 үйлері;<br>Лермонтов көшесі, №: 3, 4, 6, 9, 11, 12, 14 үйлері;<br>Сенная көшесі, №: 5, 7, 9, 15 үйлері;<br>Амангелді көшесі, №: 3, 4, 5, 6, 7, 8, 10, 11, 12, 12а, 13, 14, 15, 16, 18, 20, 21, 22, 23, 24, 25 үйлері;<br>Некрасов көшесі, №: 3, 4, 5 үйлері;<br>Школьный тұйық көшесі, №: 3, 4, 6 үйлері. | Төраға - Царегородцев Родион Леонидович;<br>төраға орынбасары - Комарова Нелли Вениаминовна;<br>комиссия хатшысы - Черказьянова Лилия Антоновна;<br>комиссия мүшелері - Аскарова Вера Николаевна, Жангабулова Шынарай Нұрмұхамбетқызы, Малкин Андрей Львович, Сұраганова Қарлығаш Оразалықызы. |
| 7. | № 206 | Булаев қаласы, Нефтеплощадка көшесі, 15, медициналық орталық | Булаев қаласы,<br>Нефтеплощадка көшесі, №: 1, 1а, 1б, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 9а, 10, 11, 11а, 12, 13, 14, 15, 15а, 16, 18, 19, 20, 20а, 21, 22, 23, 24, 25, 26, 28, 30, 32 үйлері;<br>Заготскот көшесі, № 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12, 13, 14, 15, 16, 17, 18, 20, 22, 23, 24, 26 үйлері. | Төраға - Абильмажинов Батыр Мұратқызы;<br>төраға орынбасары - Абдусаматова Ольга Михайловна;<br>комиссия хатшысы - Рамашева Айдана Ербатырқызы;<br>комиссия мүшелері - Елубаева Самал Әлімжанқызы, Коночкина Елена Васильевна |
| 8. | № 207 | Медвежка ауылы, Школьная көшесі, 19, мектеп ғимараты | Медвежка ауылы | Төрайым - Қазанова Жанат Төлеуқызы;<br>төрайымның орынбасары - Калашникова Светлана Николаевна;<br>комиссия хатшысы - Ескендірова Марал Мұқажанқызы;<br>комиссия мүшелері - Богович Юлия Владимировна, Ивлев Александр Иванович. |
| 9. | № 240 | Советское ауылы, Дубинин көшесі, 2, Мәдениет үйі ғимараты | Советское ауылы | Төраға - Бойков Евгений Анатольевич;<br>төраға орынбасары - Бешімов Сайран Нұрланұлы;<br>комиссия хатшысы - Мангура Алсу Ханифовна;<br>комиссия мүшелері - Рузанова Наталья Тимофеевна, Шарапова Светлана Геннадьевна. |
| 10 | № 241 | Придорожное ауылы, Школьная көшесі, 33 мектеп ғимараты | Придорожное ауылы | Төрайым - Сыдықова Роза Айдарбекқызы;<br>төрайымның орынбасары - Ахматзянов Хамит Ханифович;<br>комиссия хатшысы - Кизикова Ольга Юрьевна<br>комиссия мүшелері - Галанова Марина Валерьевна, Троян Ольга Алексеевна. |
| 11. | № 211 | Бастомар ауылы, 5 көше, 20 мектеп ғимараты | Бастомар ауылы,<br>Екатериновка ауылы | Төрайым - Қожамсейітова Бақыт Калтайқызы;<br>төрайымның орынбасары - Айтпишева Рита Владимировна;<br>комиссия хатшысы - Иванова Евгения Сергеевна;<br>комиссия мүшелері - Борисенко Елена Николаевна, Рекичинская Надежда Александровна. |
| 12. | № 234 | Писаревка ауылы, 4 көше, 29 мектеп ғимараты | Писаревка ауылы | Төраға - Степанов Александр Владимирович;<br>төраға орынбасары - Харламова Ольга Владимировна;<br>комиссия хатшысы - Ысқақова Гүлжан Бақытжанқызы;<br>комиссия мүшелері - Ысқақов Нұртай Сарбайқызы, Илгунова Елена Винсацовна. |
| 13. | № 235 | Веселовка ауылы, 3 көше, 10 медициналық орталық ғимараты | Веселовка ауылы | Төрайым - Бабёнышева Светлана Анатольевна;<br>төрайымның орынбасары - Ярошенко Людмила Владимировна;<br>комиссия хатшысы - Черкашина Татьяна Борисовна;<br>комиссия мүшелері - Лукаш Наталья Алексеевна, Подолей Марина Павловна |

**Аудандық сайлау комиссиямының төрағасы Ю.Портнягин.**

# ХҚКО-ДАН ТӨЛҚҰЖАТ ҚАЛАЙ ТЕЗ АЛУҒА БОЛАДЫ?

**Жаз мезгілі – демалыс пен саяхат кезеңі. Осыған байланысты жаз мезгілінде Қазақстанның ХҚКО-ларында жеке куәлік пен төлқұжатты ресімдеу үшін өтініш білдіретін клиенттер саны артады. Осы ретте ХҚКО-да төлқұжатты ыңғайлы әрі жылдам жолмен қалай алуға болатынын айтқымыз келеді.**

Паспорт пен жеке куәлікті алу қызметі әлі онлайн режимінде қолжетімді болмай тұр. Бұл құжаттарды рәсімдеу үшін міндетті түрде ХҚКО-ға жүгіну қажет. Десе де, қызмет эксаумақтылық қағидаты бойынша көрсетіледі – өзіңіздің тіркелген мекенжайыңызға қарамастан кез келген ХҚКО-ға бара аласыз. ХҚКО-ларда жеке куәлік пен паспортты ресімдеу бойынша операцияны көші-қон қызметі көрсетеді.

Егер төлқұжат алу үшін бірінші рет келіп тұрсаңыз, Сізге тек жеке куәлік қажет болады. Егер Сіздің төлқұжатыңыздың мерзімі аяқталса, оны мерзімі аяқталғанға дейін 1-2 ай бұрын ауыстыра аласыз. Төлқұжаттың мерзімі аяқталғаннан кейін жаңа төлқұжат алу үшін өтініш білдірсеңіз, кешіктіргеніңіз үшін айыппұл қарастырылмайды. Өтінім берген кезде ХҚКО қызметкері Сіздің фотосуретіңізді сол жерде құжаттарға түсіреді.

Қызмет көрсетудің стандартты мерзімі - 15 жұмыс күні. Қаласаңыз, қосымша төлем кезінде процесті жылдамдатуға болады.

**Облыс орталығында:**

1 жеделдік санаты – 3 жұмыс күніне дейін - 3372 теңге;

2 жеделдік санаты – 5 жұмыс күніне дейін - 1771 теңге.

Ал облыстың аудандары үшін тек үшінші санат қолжетімді: 678 теңге қосымша төлем арқылы 7 жұмыс күніне дейін жеделдете алады.

Баланың төлқұжатын рәсімдеу кезінде оның туу туралы куәлігін ұсынып, баж салығын төлеу қажет. Баланың ата-анасының бірі келуі міндетті.

Сонымен қатар, жеке куәлік пен төлқұжат үшін мемлекеттік баж салығын төлеуден босатылған клиенттердің жеңілдетілген санаты бар. Олар:

- ҰОС ардагерлері және оларға теңестірілген тұлғалар;
- Кеңес одағының батырлары және Социалистік еңбек ерлері;
- барлық топтағы мүгедектер, сондай-ақ бала кезінен мүгедек баланың ата-анасының бірі;
- қарттар мен мүгедектерге арналған мекемелерде тұратын егде жастағы адамдар;
- жетім балалар және балалар үйлерінде немесе интернаттарда тұратын ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар;
- «Батыр Ана» атағы бар, "Алтын алқа" және "Күміс алқа" төсбелгілерімен наградталған көпбалалы аналар;
- Чернобыль апатының салдарынан зардап шеккен азаматтар.

Айта кетейік, 2024 жылға мемлекеттік баждың мынадай мөлшері белгіленген: ҚР азаматының төлқұжаты үшін 36 беттік - 8 АЕК (29 536 теңге), 48 беттік төлқұжат үшін – 12 АЕК (44 304 теңге), 24 беттік төлқұжат үшін (16 жасқа дейінгі балалар үшін – 14 768 теңге) – 4 АЕК

**«Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы КЕАҚ.**




# QAZAQSTAN

## Дүйсенбі, 1 шілде

04.45 ӘНҰРАН.
04.50 ФУТБОЛ.
07.00 TAŃSHOLPAN.
10.00, 13.00, 15.00, 20.00, 02.00 АҚПАРАТ.
10.10, 18.00 Т/Х «ҚҰРСАУДАҒЫ ҚЫЗ».
12.10 ТАТУ-ТӘТТІ.
13.50 Т/Х «47 БАЛАНЫҢ АНАСЫ».
14.45 ДАЛА ДӘМІ.
15.15 АПТА.
16.05, 23.50 ФУТБОЛ.
16.15 Т/Х «СЫРҒАЛЫМ».
19.00 Т/Х «ЗЕЙНЕП».
20.30, 02.30 ASHYQ ALAŃ.
21.25 Т/Х «ҚҰДАША ҚЫЗ».
22.15 Т/Х «БАУЫРЛАР».
23.10 1001 ТҮН.
03.20 САНА.

## Сейсенбі, 2 шілде

05.45 ӘНҰРАН.
05.50 ФУТБОЛ.
08.00 TAŃSHOLPAN.
10.00, 12.00, 15.00, 20.00, 02.00 АҚПАРАТ.
10.10, 18.00 Т/Х «ҚҰРСАУДАҒЫ ҚЫЗ».
11.00, 19.00 Т/Х «ЗЕЙНЕП».
12.10 ТАТУ-ТӘТТІ.
13.50 Т/Х «47 БАЛАНЫҢ АНАСЫ».
14.45 ОТАНДЫҚ BREND.
15.15 АҚОРДА.
15.30 ІНЖУ-МАРЖАН.
16.05, 23.50 ФУТБОЛ.
16.15 Т/Х «СЫРҒАЛЫМ».
20.30, 02.30 АШЫҚ АЛАҢ.
21.25 Т/Х «ҚҰДАША ҰЫЗ».
22.15 Т/Х «БАУЫРЛАР».
23.10 1001 ТҮН.
03.20 САНА.

## Сәрсенбі, 3 шілде

05.45 ӘНҰРАН.
05.50, 16.05 ФУТБОЛ.
08.00 TAŃSHOLPAN.
10.00, 12.00, 15.00, 20.00, 00.10 АҚПАРАТ.
10.10, 18.00 Т/Х «ҚҰРСАУДАҒЫ ҚЫЗ».
11.00, 19.00 Т/Х «ЗЕЙНЕП».
12.10, 02.35 ТАТУ-ТӘТТІ.
13.50 Т/Х «47 БАЛАНЫҢ АНАСЫ».
14.45 ОТАНДЫҚ BREND.
15.15 ТЕХНОКРАТТАР ТАЛ ҚЫСЫ.
16.15 Т/Х «СЫРҒАЛЫМ».
20.30, 00.40 АШЫҚ АЛАҢ.
21.25 Т/Х «ҚҰДАША ҰЫЗ».
22.15 Т/Х «БАУЫРЛАР».
23.10 1001 ТҮН.
01.30 САНА.

## Бейсенбі, 4 шілде

06.00 ӘНҰРАН.
06.05 ЖӘДІГЕР.
06.30, 10.00, 12.00, 15.00, 20.00, 00.15 АҚПАРАТ.
07.00 TAŃSHOLPAN.
10.10, 18.00 Т/Х «ҚҰРСАУДАҒЫ ҚЫЗ».
11.00, 19.00 Т/Х «ЗЕЙНЕП».
12.10, 02.40 ТАТУ-ТӘТТІ.
13.50 Т/Х «47 БАЛАНЫҢ АНАСЫ».
14.45 ОТАНДЫҚ BREND.
15.15 ОРЫНДАЛМАҒАН ПАРЫЗ.
15.45 АҚСАУЫТ.
16.05 Т/Х «СЫРҒАЛЫМ».
20.30, 00.45 АШЫҚ АЛАҢ.
21.25 Т/Х «ҚҰДАША ҰЫЗ».
22.15 Т/Х «ӨГЕЙ ӨМІР».
23.15 1001 ТҮН.
01.35 САНА.

## Жұма, 5 шілде

06.00 ӘНҰРАН.
06.05 ЖӘДІГЕР.
06.30, 10.00, 15.00, 20.00, 02.00 АҚПАРАТ.
07.00 TAŃSHOLPAN.
10.10, 18.00 Т/Х «ҚҰРСАУДАҒЫ ҚЫЗ».
11.10, 19.00 Т/Х «ЗЕЙНЕП».
12.10 ТАТУ-ТӘТТІ.
13.50 Т/Х «47 БАЛАНЫҢ АНАСЫ».
14.45 ОТАНДЫҚ BREND.
15.15 БІРЕГЕЙ.
16.05 Т/Х «СЫРҒАЛЫМ».
20.30, 02.35 ASHYQ ALAŃ.
21.25 Т/Х «ҚҰДАША ҚЫЗ».
22.15 Т/Х «ӨГЕЙ ӨМІР».
23.15 КӨҢІЛ ТОЛҚЫНЫ.
23.40 ФУТБОЛ.
03.25 САНА.

## Сенбі, 6 шілде

06.00 ӘНҰРАН.
06.05 ЖӘДІГЕР.
06.30, 20.00, 02.00 АҚПАРАТ.
07.00, 03.40 ЗИНҺАР.
07.45 «АЛТЫН ҚАҚПА».
08.30 ШАҢЫРАҚ.
09.00, 23.35 ФУТБОЛ.
09.10 КОНЦЕРТ.
10.00, 18.00 Т/Х «ҚҰРСАУДАҒЫ ҚЫЗ».
11.00, 19.00 Т/Х «ЗЕЙНЕП».
12.00, 02.50 ТЕЛЕДӘРІГЕР.
13.00«ӘН МЕН ӘНШІ».
16.35 «ӘЗІЛ ӘЛЕМІ».
15.00 М/Ф «МОАНА».
17.20, 02.30 ӘЛЕМ ЖӘНЕ БІЗ.
17.40, 23.10 АСТАНА КҮНІ.
20.30«БЕУ».
22.15 Т/Х «ӨГЕЙ ӨМІР».

## Жексенбі, 7 шілде

06.00 ӘНҰРАН.
06.05, 03.10 ЖӘДІГЕР.
06.30 АҚПАРАТ.
07.00 Д/Ф.
07.45 «АЛТЫН ҚАҚПА».
08.30, 21.00 «КӨҢІЛ ТОЛҚЫНЫ».
09.25 ФУТБОЛ.
09.35 «АҚСАУЫТ».
10.00, 18.00 Т/Х «ҚҰРСАУДАҒЫ ҚЫЗ».
11.00, 19.00 Т/Х «ЗЕЙНЕП».
12.00 КОНЦЕРТ.
13.45 «ӘЗІЛ ӘЛЕМІ».
14.45 М/Ф «МОАНА».
16.20 «ІНЖУ-МАРЖАН».
16.50, 01.10 «НАҒЫЗ ҚАЗАҚ - ДОМБЫРА».
17.05 «ТЕХНОКРАТТАР ТАЛҚЫСЫ».
20.00, 01.25 АПТА.
20.50, 02.15 АҚОРДА.
22.15 Т/Х «ӨГЕЙ ӨМІР».
23.10 Т/Х «ДИНА. КҮЙ ҚҮДІРЕТ».
02.25 «КҮМІС КӨМЕЙ».

# ХАБАР

## Дүйсенбі, 1 шілде

05.00 КІМ МЫҚТЫ?
06.00 «ТРЕТИЙ АКТ», Х/Ф.
08.00 COVER SHOW.
10.00 БІЗДІҢ НАЗАРДА.
10.20 М/Ф.
11.30 М/Ф «ТАЙНЫ МЕДОВОЙ ДОЛИНЫ».
12.00 Т/Х «ТАҒДЫРҒА СЕН-2».
13.00, 19.20 Т/Х «ФАТМАГҮЛ».
14.00, 21.15 Т/Х «КЕЛІНЖАН».
15.00 Т/Х «ШАШУ».
16.00, 23.30 Т/Х «СЛЕДСТВИЕ ЛЮБВИ».
18.00 НОВОСТИ.
18.20 ИТОГИ.
19.00 ЖАҢАЛЫҚТАР.
22.30 ХАБАРLIKE.
00.00 ҚР ӘНҰРАНЫ.

## Сейсенбі, 2 шілде

05.00 КІМ МЫҚТЫ?
06.00 Т/Х «ПӘЛЕНШЕЕВ-ТЕР-4».
08.00 COVER SHOW.
10.00 НАРОДНЫЙ КОНТРОЛЬ.
10.20 ОЙТАЛҚЫ.
10.50 М/Ф.
12.00, 18.20, 19.20 Т/Х «ФАТМАГҮЛ».
14.45, 21.15 Т/Х «КЕЛІНЖАН».
16.00, 22.30 Т/Х «БЕЗ ТЕБЯ».
18.00 НОВОСТИ.
19.00 ЖАҢАЛЫҚТАР.
00.30 ӘСЕМ ӘНДЕР.
01.00 ҚР ӘНҰРАНЫ.

## Сәрсенбі, 3 шілде

05.00 КІМ МЫҚТЫ?
06.00 Т/Х «ПӘЛЕНШЕЕВ-ТЕР-4».
08.00 COVER SHOW.
10.00 NEOСЕТЬ.
10.25 М/Ф.
11.20 М/Ф «РЭЙ БАСТАҒАН ҚҰТҚАРУШЫЛАР».
12.00, 18.20, 19.20 Т/Х «ФАТМАГҮЛ».
14.45, 21.15 Т/Х «КЕЛІНЖАН».
16.00, 22.30 Т/Х «БЕЗ ТЕБЯ».
18.00 НОВОСТИ.
19.00 ЖАҢАЛЫҚТАР.
00.30 ӘСЕМ ӘНДЕР.
01.00 ҚР ӘНҰРАНЫ.

## Бейсенбі, 4 шілде

05.00 КІМ МЫҚТЫ?
06.00 Т/Х «ПӘЛЕНШЕЕВ-ТЕР-4».
08.00 COVER SHOW.
10.00 КУЛЬТУРНЫЙ КОНТЕКСТ.
10.40 М/Ф.
12.00, 18.20, 19.20 Т/Х «ФАТМАГҮЛ».
14.45, 21.15 Т/Х «КЕЛІНЖАН».
16.00 Т/Х «БЕЗ ТЕБЯ».
18.00 НОВОСТИ.
19.00 ЖАҢАЛЫҚТАР.
22.30 Т/С «ДВА БЕРЕГА НАДЕЖДЫ».
00.30 ӘСЕМ ӘНДЕР.
01.00 ҚР ӘНҰРАНЫ.

## Жұма, 5 шілде

05.00 КІМ МЫҚТЫ?
06.00 Т/Х «ПӘЛЕНШЕЕВ-ТЕР-4».
08.00 COVER SHOW.
10.00 ОЙТАЛҚЫ.
10.30 М/Ф.
12.00, 18.20, 19.20 Т/Х «ФАТМАГҮЛ».
14.45, 21.15 Т/Х «КЕЛІНЖАН».
16.00 Т/С «ДВА БЕРЕГА НАДЕЖДЫ».
18.00 НОВОСТИ.
19.00 ЖАҢАЛЫҚТАР.
22.30 Т/С «ХОТЬ РАЗ В ЖИЗНИ».
00.30 ӘСЕМ ӘНДЕР.
01.00 ҚР ӘНҰРАНЫ.

## Сенбі, 6 шілде

05.00 МӘРТЕБЕЛІ ӨНЕР.
07.00 КОНЦЕРТ.
09.00 ПРЕЗИДЕНТСКИЙ РЕЗЕРВ.
09.30 ҰЛЫ ДАЛА ОЙЫНДАРЫ.
10.00 М/Ф.
11.30 М/Ф «ТАЙНЫ МЕДОВОЙ ДОЛИНЫ».
12.00 «ХОТЬ РАЗ В ЖИЗНИ», Х/Ф.
14.00 XXI ҒАСЫР КӨШБАСШЫСЫ.
15.00 АЛҒАШҚЫ.
16.00 Т/Х «КЕЛІНЖАН».
19.00 БЕС ЖҰЛДЫЗ.
21.00 7 КҮН.
21.40 «ТОЧКА ВОЗВРАТА», Х/Ф.
23.40 ӘКЕ БАҚЫТЫ.
00.30 ӘСЕМ ӘНДЕР.

## Жексенбі, 7 шілде

05.00 МӘРТЕБЕЛІ ӨНЕР.
07.30 КОНЦЕРТ.
09.30 «ҚАЗАҚ ЕЛІ», Д/Ф.
10.00 М/Ф.
11.20 М/Ф «ТАЙНЫ МЕДОВОЙ ДОЛИНЫ».
12.00 «ТОЧКА ВОЗВРАТА», Х/Ф.
14.00 АЛҒАШҚЫ.
14.45 БЕС ЖҰЛДЫЗ.
16.30 Т/Х «КЕЛІНЖАН».
19.30 ҚЫЗЫҚ TIMES.
21.00 7 КҮН.
21.40 ОТДЕЛ ЖУРНАЛИСТСКИХ РАССЛЕДОВАНИИ.
22.10 «СПЕШИ ЛЮБИТЬ», Х/Ф.
00.10 ӘКЕ БАҚЫТЫ.
01.00 ҚР ӘҢҰРАНЫ.

# ЕВРАЗИЯ

## Дүйсенбі, 1 шілде

06.00, 03.50 ЕҢ АЛҒАШ-ҚЫ.
07.00, 02.35 «П@УTINA».
08.00 ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, ҚАЗАҚСТАН!
09.00 ДОБРОЕ УТРО, КАЗАХСТАН!
09.10 «ЙОКО И ДРУЗЬЯ», Х/Ф.
10.15 МОДНЫЙ ПРИГОВОР.
11.05 ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ.
11.55 «МЕДВЕЖЬЯ ШКУРА», Х/Ф.
14.00, 02.15 НОВОСТИ.
14.15, 02.25 ЖАҢАЛЫҚТАР.
14.25 QAЙМАҚ.
15.00, 19.00 KÖREMIZ.
15.55 БЕЙКҮНЭ.
16.40 «ПОЗДНЕЕ РАСКАЯНИЕ», Х/Ф.
18.30, 03.20 БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР.
20.00 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ.
20.35 Т/С «СПЕЦБАТ».
00.25 НОЧНОЙ КИНОТЕАТР.

## Сейсенбі, 2 шілде

06.00, 03.50 ЕҢ АЛҒАШҚЫ.
07.00, 02.35 «П@УTINA».
08.00 ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, ҚАЗАҚСТАН!
09.00 ДОБРОЕ УТРО, КАЗАХСТАН!
10.15 МОДНЫЙ ПРИГОВОР.
11.05 ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ.
11.55 Т/С «НЕ ПЛАЧЬ ПО МНЕ, АРГЕНТИНА».
14.00, 02.15 НОВОСТИ.
14.15, 02.25 ЖАҢАЛЫҚТАР.
14.25, 04.50 QAЙМАҚ.
15.00, 19.00 KÖREMIZ.
15.55 БЕЙКҮНЭ.
16.40 Т/С «ПОЗДНЕЕ РАСКАЯНИЕ».
18.30, 03.20 БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР.
20.00 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ.
20.35 Т/С «СПЕЦБАТ».
00.25 НОЧНОЙ КИНОТЕАТР.

## Сәрсенбі, 3 шілде

06.00, 03.50 ЕҢ АЛҒАШҚЫ.
07.00, 02.35 «П@УTINA».
08.00 ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, ҚАЗАҚСТАН!
09.00 ДОБРОЕ УТРО, КАЗАХСТАН!
10.15 МОДНЫЙ ПРИГОВОР.
11.05 ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ.
11.55 Т/С «НЕ ПЛАЧЬ ПО МНЕ, АРГЕНТИНА».
14.00, 02.15 НОВОСТИ.
14.15, 02.25 ЖАҢАЛЫҚТАР.
14.25, 04.50 QAЙМАҚ.
15.00, 19.00 KÖREMIZ.
15.55 БЕЙКҮНЭ.
16.40 Т/С «ПОЗДНЕЕ РАСКАЯНИЕ».
18.30, 03.20 БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР.
20.00 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ.
20.35 Т/С «СПЕЦБАТ».
00.25 НОЧНОЙ КИНОТЕАТР.

## Бейсенбі, 4 шілде

06.00, 03.50 ЕҢ АЛҒАШҚЫ.
07.00, 02.35 «П@УTINA».
08.00 ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, ҚАЗАҚСТАН!
09.00 ДОБРОЕ УТРО, КАЗАХСТАН!
10.15 МОДНЫЙ ПРИГОВОР.
11.05 ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ.
11.55 Т/С «НЕ ПЛАЧЬ ПО МНЕ, АРГЕНТИНА».
14.00, 02.15 НОВОСТИ.
14.15, 02.25 ЖАҢАЛЫҚТАР.
14.25, 04.50 QAЙМАҚ.
15.00, 19.00 KÖREMIZ.
15.55 БЕЙКҮНЭ.
16.40 Т/С «ПОЗДНЕЕ РАСКАЯНИЕ».
18.30, 03.20 БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР.
20.00 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ.
20.35 Т/С «СПЕЦБАТ».
00.25 НОЧНОЙ КИНОТЕАТР.

## Жұма, 5 шілде

06.00, 02.00, 04.15 ЕҢ АЛҒАШҚЫ.
07.00, 03.30 «П@УTINA».
08.00 ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, ҚАЗАҚСТАН!
09.00 ДОБРОЕ УТРО, КАЗАХСТАН!
10.15 МОДНЫЙ ПРИГОВОР.
11.05 ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ.
11.55 Т/С «НЕ ПЛАЧЬ ПО МНЕ, АРГЕНТИНА».
14.00, 01.40 НОВОСТИ.
14.15, 01.50 ЖАҢАЛЫҚТАР.
14.25 QAЙМАҚ.
15.00, 19.00 KÖREMIZ.
15.55 БЕЙКҮНЭ.
16.40 Т/С «ПОЗДНЕЕ РАСКАЯНИЕ».
18.30, 03.00 БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР.
20.00 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ.
20.30 ПАРЛАМЕНТ ONLINE.
20.55 ПОЛЕ ЧУДЕС.
22.00 Т/С «СПЕЦБАТ».

## Сенбі, 6 шілде

06.00, 03.15 ТАМАША CITY.
07.55, 02.30 «П@УTINA».
08.50 ПОВАРА НА КОЛЕСАХ.
09.45 ПОЕХАЛИ!
10.45 «ДЕНЬ СОЛНЦА», Х/Ф
14.45 «СОЛЕНЫЙ ПОЦЕЛУЙ», Х/Ф.
18.30, 02.05 АЙНА.
19.00 «КОГДА МЕНЯ ПОЛЮБИШЬ ТЫ», Х/Ф.
20.55 «ЮРОЧКА», Х/Ф.
00.30 «СЧАСТЬЕ МОЕ», Х/Ф.

## Жексенбі, 7 шілде

06.00, 02.50 ТАМАША CITY.
08.20, 02.05 «П@УTINA».
09.15 ВОСКРЕСНЫЕ БЕСЕДЫ.
09.25 ПРОУЮТ.
10.25 «НАША ДОКТОР», Х/Ф.
14.20 «КЛЯНУСЬ ЛЮБИТЬ ТЕБЯ ВЕЧНО», Х/Ф.
18.10 «СЕЗОН ПОСАДОК», Х/Ф.
20.00 АНАЛИТИКА.
20.45 «РЕЦЕПТ ЛЮБВИ», Х/Ф.
00.25 «ТРИ АККОРДА».

> **Адамның көңілі шын мейірленсе, білім - ғылымның өзі де адамға мейірленіп, тез қолға түседі. Шала мейір шала байқайды.**
>
> **Абай ҚҰНАНБАЕВ.**



# «АҚ БИДАЙ – 2024» АУДАНДЫҚ СПОРТ ОЙЫНДАРЫ МӘРЕСІНЕ ЖЕТТІ










*22 маусым күні Булаев қаласында 17 ауылдық округ пен аудан орталығы командалары қатысқан «Ақ бидай – 2024» аудандық жазғы спорт мерекесі өтіп, оған 300-ге жуық спортшы қатысты. 18 жастан асқан жастар ғана қатысатын жарыста спортшылар баскетбол, волейбол, футбол, бокс, гір спорты, еркін күрес, жеңіл атлетика және үстел теннисінен бақ сынасты. Ал зияткерлік ойындарды сүйетіндер үшін дойбы мен шахмат бойынша жарыстар өткізілді.*







Тартысты әрі қызықты өткен жарыстардың қорытындысы бойынша жеңімпаз және жүлдегер командалар анықталды. Баскетбол жарысында 3-ші орынды Возвышен а/о иеленсе, төрешілердің шешімімен 1-ші орынды Булаев және Қаракоға ауылдық округінің командалары бөлісті. Ал әйелдер командалары арасында 1-ші орынды Алтын дән жеңіп алса, 2-ші орынды Қарақоға а/о, ал 3 орынды Булаево қаласы ұтып алды.

Ерлер арасындағы волейбол жарысында Лебяжье а/о волейболшылары чемпион атанды, Булаев қаласының спортшылары күміс жүлдені қанағат тұтты иеленді. Ал әйелдер командалары арасында Бастомар а/о қыздарына тең келер ешкім болмады, Возвышен а/о ұжымы 2-ші және Булаев қаласының бұрымдылары 3-ші орындарды иеленді.

Футбол додасында қаракоғалық аяқдопшылар үздік атанып, алтыннан алқа тағынды.Ноғайбай би а/о футболшылары күміс жүлдегер атанса, аудан орталығының спортшылары қола медальды місе тұтты.

Жазғы Президенттік көпсайыста Булаев қаласының ұжымы 1-ші орынды иеленсе, Қарақоға а/о командасы 2-ші орынға, Лебяжье а/о жастары 3-ші орынға жайғасты.

Дойбы бойынша бас жүлде Булаев қаласына бұйырса, 2-ші орын Ноғайбай би а/о, ал 3-ші орын Қарақоға а/о спортшыларының еншісінде кетті. Шахмат жарысында Алтын дән а/о алтын медаль иеленсе, Булаев қаласы 2-ші және Қарақоға а/о 3 орыннан көрінді.

Жеңіл атлетика сайысында Булаев қаласының желаяқтары жүйрік атанса, 2-ші орынды қарақоғалықтар қанжығасына байлады, 3-ші орынды Ноғайбай би а/о иеленді.

Бокс жарысында да Булаев қаласының қолғап шеберлері жеңімпаз атанды, Қарақоға а/о күміс медальды, Лебяжье а/о қола медальды жеңіп алды.

Еркін күрес бойынша бозкілемде өткен сайыста қарақоғалық балуандар дес бермей, жарыс жеңімпазы атанды, возвышендіктер күміс жүлдені ұтып алды, ал Ноғайбай би а/о спортшылары қола медальды иеленді.

Үстел теннисі бойынша 1-ші орынды Булаев қаласының командасы, 2-ші орынды Қарақоға а/о, 3-ші орынды Возвышен а/о иеленді.

Гір спортында Чистов а/о жігіттері озып, чемпион атанды. 2-ші және 3-ші орындарды тиісінше Қарақоға а/о және Ұзынкөл а/о бөлісті.

Жарыс қорытындысы бойынша жалпыкомандалық есепте Булаев қаласының командасы жеңімпаз атанды, екінші орынды Қарақоға ауылдық округінің командасы иеленсе, үшінші орынға Ноғайбай би ауылдық округінің спортшылары тұрақтады. Жеңімпаз және жүлдегер командалар медальдармен, дипломдармен, кубоктармен және ақшалай сертификаттармен (бірінші орын - 500 мың теңге, екінші орын - 300 мың теңге және үшінші орын - 200 мың теңге) марапатталды.

Булаев қаласында өткен іріктеу турнирінен кейін енді спортшылар шілде айының соңында Есіл ауданында өтетін «Ақ бидай – 2024» облыстық жазғы спорт мерекесіне аттанады. Ендеше, мағжандық спортшыларға жеңіс пен сәттілік тілейік!

**Қанат МҰСАТАЕВ,**
**аудандық дене шынықтыру және спорт бөлімі басшысының м.а.**







Директор - бас редактор
Неля ГОНЧАР

Газеттің меншік иесі:
«Газета «Вести» ЖШС

Редакцияның мекен жайы: 150800 Солтүстік Қазақстан облысы, Мағжан Жұмабаев ауданы, Булаев қаласы, Батыр Баян көшесі, 13 үй.
Тел: 2- 17- 49.
Басылым индексі 65360
e- mail: magzhan.zhuldizi@yandex.kz

Газет аптасына 1 рет бейсенбі күні шығады

«Magjan juldyzy» газеті редакцияда терілін беттелді.
«Северный Казахстан» баспаханасында басылды.
(Петропавл қ., Кошуков к-сі, 5 үй).
Таралымы - 680

Газет аудан әкімінің, аудандық мәслихаттың тапсырысы бойынша шығарылады және газеттер арқылы мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізудегі ресми басылым болып табылады

Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігінде 2018 жылы 11 желтоқсанда есепке алынып, №17395- Г куәлігін алған. Жарнаманың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты. Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. Редакцияға жолданған қолжазбалар, хаттар «Мағжан жұлдызы» газетінің меншігіне айналады, рецензияланбайды, қайтарылмайды. Газетті жеткізіп беру мәселелері жөнінде 2- 17- 80 телефоны бойынша аудандық пошта торабына хабарласуға болады